

СТУДЕНТТЕРГЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Сарсенбаева Г.М.

Основная цель статьи значения развития экологического образования студентов. Поэтому экологическое воспитание и образование сегодня превращаются в стержень современного образования, являясь ключом к перестройке современных систем образования и общества в целом.

The main purpose of the article of the development of environmental education of students. Therefore, environmental education and education today is becoming core of modern education, as the key to restructuring the current education system and society as a whole.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі және тұрақты дамудың жаңа жолына түскен кезеңде жастарды ізгілікке, парасаттылыққа баулитын экологиялық білім мен тәрбиенің маңызы арта түсуде. Себебі «табиғат-қоғам-адам» жүйесіндегі қарым-қатынастардың шиеленісуі жылдан-жылға күшейіп, экологиялық зардаптар жердегі тіршілікке қауіп төндіріп отыр. Адам мен табиғаттың, қоғам мен ортаның өзара әрекеттестігі, оның өнеркәсіпті өндірістің қазіргі таңдағы көптеген жарамсыз технологиялармен қарқынды өсу жағдайында өмір сүруі, қиындықтың шама-шегіне жетті. Адамзат тіршілігінің өзіне қауіп төнді: табиғат қорлары үзіліссіз сарқылысқа түсті, ортаның ластануынан адам өміріне қауіп төнді. Бүкіл әлемде экологиялық дағдарыстар мен апаттар ұлғая түсуде. Экологиялық апаттар биоортадағы жағдайларға еткен әсері арқылы дүние жүзінің әрбір аймағындағы құбылыстардың дамуына айтарлықтай ықпал жасауда.

Адамзаттың ғаламдық экологиялық мәселелерінің шешілуі жоғарғы оқу орындары студенттерінің қоршаған орта туралы сапалы білім алуына байланысты. Сондықтан да студент жастарға экологиялық білім беру бүгінгі күн тәртібіндегі бірден-бір қажетті кезек күттірмес мәселе екендігі «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасында» және «Қазақстан Республикасында көпшілікке үздіксіз экологиялық білім берудің ұлттық стратегиясында», «Білім туралы» заңда көрсетілген [1,2,3].

Қоғамдағы жахандану, адам баласының ақыл-ойы мен білімі арқылы қолдана бастаған құрал – жабдықтар, дамыған өндірістік күштерді қолдану нәтижесінде және адамзаттың табиғатқа қатынасы, биосферадағы ішкі тұрақтылық, тепе-теңдік сақталмай қоршаған ортаның табиғи байлығы, қалпы өзгеріп, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына алып келуде. Мұның

өзі енді, керісінше табиғатқа адам көмегі, қамқорлығы қажеттігін тудыруда. Ірі оқиғалар мен өзгерістерге толы ХХ ғасыр көптеген проблемалармен қатар экологиялық мәселені де алдыңғы кезекке қойды. Бұл бағытта ХХІ ғасырдың басында істелетін шаралардың бірі экология бойынша білім беру жүйесіне көңіл бөлу [11].

Экологиялық білім халықаралық ұйымдар арасында жоғары деңгейде қызығушылық таныта білді. Экологиялық білімнің маңыздылығы, оның мазмұны түрлі халықаралық форумдарда нақтылай айтыла бастады.

Экология дербес ғылым ретінде шамамен 1900 жылдары қалыптасты. «Экология» терминін 1869 жылы белгілі табиғат зерттеушісі, биолог, дәрігер, аса дарынды неміс ғалымы Э.Геккель, ғылымға бірінші болып енгізді. Латын тілінде «ойкос»- үй, отан, мекен, ал «логос»- ілім, ғылым деген мағынаны білдіреді, яғни сөзбе-сөз аударғанда –тіршілік мекені туралы ғылым. Аталған ұғым бойынша, экология қоршаған ортаны сақтаудың ғылыми негізі болып саналады. Экология ғылымына берілген көптеген анықтамалар бар, дегенмен, осы заманғы зерттеушілердің басым көпшілігі: экология - организмдердің тіршілік ету жағдайларын және организмдер мен олардың тіршілік ету ортасы арасындағы өзара байланыстарды зерттейтін ғылым - деп есептейді. Экология түсінігі өте ауқымды, сондықтан оның қай қырына баса мән берілуіне қарай, оның анықтамаларының тұжырымдалуы да өзгеріп отырады. Қолайлы колданыс үшін, ұзақ мерзімге дейінгі экология - қоршаған ортаның экологиясы деп аталды [6].

Экологиялық білім дегеніміз осы кезеңде және болашақта адамның табиғатпен, қоғаммен үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз ететін қоршаған ортаны сақтауға және дамытуға әрекет ету үшін итермелейтін сананы дамытуға мақсатты бағытталған, адам өмірінің барлық кезеңдеріндегі қоршаған орта туралы түсініктердің саналы және жоспарлы дамуы болып табылады.

Экологиялық білім адамды қоршаған орта туралы пәнаралық білімдерге негізделе отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиялық міндеттерді жан-жақты жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі экологиялық оқыту адамның өзін қоршаған ортасын табиғат пен өркениет үйлесімділігін құрайтын мәдениет пен табиғаттың бірлігі деп түсінуінен, оған құндылық қатынас жасауға әсер етуінен тікелей талап етіледі. Қазір заманда адам экологиялық білімдермен және экологиялық тұрғыдан ойлау амалдарымен қаруланған болуы тиіс, өзінің биосферадағы адам және қоғам жөніндегі тұтас көзқарасы болуы тиіс, табиғи, өмірлік және еңбек орталарының өзара тығыз байланыстылығын жете түсіну қажет.

Осы айтылып өткендердің болашақ мамандардың қоршаған ортада кездесіп жататын экологиялық тұрғыдағы өз әрекеттерін бағалай білуге және

өздігінше шешім қабылдай алуына даярлау қажеттілігінен талап етіледі. Бұл жоғары оқу орындарындағы экологияландыру міндеттерінің маңыздылығын арттыра түседі.

Әсіресе, экологиялық білімнің жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға үлкен септігін тигізе алатын болашақ мұғалімдер үшін маңызы орасан зор. Өйткені болашақ мұғалімдер экологиялық білімдермен толық қаруланбай оларды өскелең ұрпаққа тиімді жеткізуі мүмкін емес.

Қоғамды экологияландыру – бұл адамның табиғатпен үйлесімділігіне қол жеткізуге бағытталған қоғам көзқарасының жаңа жүйесін қалыптастыру процесі. Тарихи тұрғыдан бағдарласақ, адамның өмір тіршілігінің, қызмет-әрекетінің негізі – табиғат заттары мен табиғи процестер. Олар адамзаттан әлдеқайда бұрын пайда болған, адам санасынан тыс және тәуелсіз өмір сүреді. Қоршаған ортаны танып білу, игеру барысында адам табиғат дүниесіне қуатты және ауқымды ықпал ете алатын құдіретті өзгертуші күшке айналады. Мұны ғылымда «екінші табиғат» деп атайды.

Қалай болғанда да жоғары экологиялық сауаттылық әрбір адам баласынан талап етілмек. Экологиялық тазалыққа қамқорлық жасау үлкеннің де, кішінің де азаматтық борышы екендігін ескеруіміз қажет.

Үздіксіз экологиялық білім беру жүйесі кішкентай бүлдіршіндер баратын балабақшадан басталып білікті маман даярлайтын оқу орындары деңгейімен айқындалса, құба – құп. Бұл тұста экологиялық міндеттерді нақты бақылауға алу, ұйымдастыру, орындау кез келген өндірістік немесе қоғамдық ұйымды басқарушыларға қойылатын талаптар арқылы негізделуі қажет – ақ.

Қазіргі кезеңде ізгілендіру мен демократияландыруға бағытталған білім стандартын, оқытудың озық технологияларын, экологиялық білім негіздерін оқыту үрдісіне енгізу білім беру жүйесін дамытудың негізі болып табылады. Сол себепті экономикалық сана мен экологиялық мәдениеттілікті болашақ маман иелерінің бойына қалыптастыру үшін кәсіпкерлік және нарықтық шаруашылықтың заңдылықтарымен студенттерді міндетті түрде таныстыра отырып, экологиялық білім негіздерін оқыту кезінде жеке тұлғаның шығармашылық ойлау қабілетінің дамуын қарастыру – кезек күттірмес міндеттердің бірі.

Экология пәнін оқыту экологиялық және әлеуметтік мәселелердің мәнін түсіндіруге, қоршаған орта мен адам арасындағы өзара байланыстың дамуына талдау жасауға үйретеді. Жалпы білім беретін мектептерде және жоғары оқу орындарында экологиялық білім мен тәрбие беру жайын ғылыми - әдістемелік тұрғыда талдап, үздіксіз экологиялық білім беру мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын, дидактикалық негіздерін жолға қою керек. Студенттердің үздіксіз, бағдарлы, сапалы білім жүйелерінің бір – бірімен сабақтастығы сақталуы тиіс. Студенттердің экологиялық сауаттылығын,

мәдениетін, танымдық белсенділігін арттыру үшін оқытушының білімі мен педагогикалық шеберлігі үлкен ықпал жасайды.

Бүгінгі күннің негізгі мақсаты мен міндеттері: студенттердің қоршаған ортаға, туған өлке табиғатына, жергілікті флораға сүйіспеншіліктерін қалыптастырып, ол арқылы туған өлке табиғатының байлығын сақтау, табиғатын қорғауға тәрбиелеу, жас ұрпаққа экологиялық, өлкетанулық тәрбие беру. Елбасының жолдауымен 1999 жылы «Экологиялық білім бағдарламасы» деген құжаттар қабылданған. Сонымен қатар Елбасының жолдауымен қабылданған «Жасыл ел» бағдарламасы да іске асырылуда. Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгіліктік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық, өлкетанулық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Бүгінгі күні оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы студенттердің ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жоғарғы оқу орындарындағы сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, оқытушының рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, студенттердің құзыреттілігін қалыптастыру, инновациялық технологиялар мен оқыту әдістері арқылы студенттерді ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде анықталған мәліметтер, яғни жоғары оқу орындары студенттерінің экологиялық білімдерін арттырудағы инновациялық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері мен оның қазіргі жағдайы, осы мәселенің келесі педагогикалық шарттар негізінде жүзеге асырылатынына көз жеткіздірді.

Олар:


1. Студенттердің экологиялық білімге деген белсенділігін арттыру жолында инновациялық технологияларды пайдаланудың зор мүмкіндіктерін анықтау;
2. ЖОО-дағы студенттерге экологиялық білім беру мазмұнын пән аралық байланыс, студенттердің тұлғалық даму, өз бетінше нәтижеге ұмтылу сияқты ерекшеліктері негізінде қарастыру;
3. Студенттердің экологиялық білімдерін арттыруда инновациялық технологияларды қолдануда жүйелілікті ұстану;

4. Экологиялық білімді арттырудағы теория мен практиканың байланыстылығын сақтау;

5. Студенттің өз бетінше ізденушілік шешім қабылдау, қоршаған ортаға дұрыс көз қарас және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын тұлға ретінде қарауы.

Бұл шарттар бір-бірін толықтырып тұрады және бәрі біргелікте жүзеге асырылуы талап етіледі. Себебі онысыз нәтижеге жету жүзеге асырылмауы мүмкін.

Ғалымдар студенттердің экологиялық білімін арттыруды жүзеге асыру белгілі бір жүйе түрінде ұсынды, 4 суреттен көруге болады.



Сурет 4-Студенттердің экологиялық білімін арттыру барысындағы иновациялық технологиялар.

Қазіргі таңда адамзатты қоршаған ортаның күрделі экологиялық мәселелері толғандыруда және оларды жедел шешу тәсілдері іздестірілуде. Бұл ізденістерде айналадағы бізді қоршаған орта туралы білімнің берері мол.

Бұл арада шешілуге тиісті ең негізгі мәселе – адамның табиғатқа тигізетін әсері қандай және одан қалпына келмейтін қандай тізбекті өзгерістер туындайтынын анықтауда болып отыр. Бұл мәселені бір жағынан ғылым, екінші жағынан ғылымның ашқан жаңалықтары негізінде іс-әрекет жасауға бастайтын білім ғана шешіп береді.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнен асқан кәсіптік шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты талап етеді. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, студенттің оқу әрекетіне қалыптастырып, олардың оқуға ынтасын оятып, қызығушылығын арттырады.

Инновациялық оқу-тәрбие процесіндегі креативті дәрежеге жету мен оны дамыту салдарынан пайда болады, әсіресе, жоғарғы оқу орнының студенттерін кәсіби тұлғалық өзін-өзі дамыту процесінде.

Жоғары оқу орны оқытушыларын инновациялық іс-әрекетке даярлауды тұлғалық категория, продуктивті іс-әрекет нәтижесі деп түсіндіруге болады.

Жаңашыл-оқытушы педагогикалық іс-әрекетте жүріп, міндетті түрде шығармашылық нәтижесі көрініс табатын инновациялық процеске түседі. Оқытудың көпсатылығы мен оқытушылардың инновациялық даярлық жоғары оқу орындағы бүкіл білім беру процесі тұлғаға бағытталғанда ғана ақталады. Өкінішке орай, әзірше оқу бағдармалары студенттерге тәуелсіз міндетті түрде меңгерілетін білім, білік және дағдыларының көлемін ғана береді. Олардың бірқатары, инновациялық іс-әрекеттің негізін құрайтын тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Инновациялық білім беру технологиялары педагогикалық процестің когнитивтік компонентін ғана айқындап қоймады, сонымен қатар студенттің тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы мен байланысты тәрбиелік аспектісі де іске асырады.

Сондықтан, оқытудың жаңа инновациялық технологиясы оқытудың ұжымдық түрін сақтай отырып, оңтайлы бағдарлама бойынша оқытуға мүмкіндік туғызатын, студенттердің толық мөлшерде танымдық шығармашылық қабілеттері, мотивациялары мен жеке қажетсінулерін ескеретін тұтас дидактикалық жүйесін түсіндіреді.

Оқытудың инновациялық технологияларын жаңа білім беру парадигмаларын өмірге енгізетін құрал ретінде қарастыруға да болады. Өйткені, жаңа білім беру технологияларын дамыту тенденциясы өзін - өзі белсендіретін, өзін - өзі тұлға ретінде қалыптастыратын гуманизациялық біліммен тікелей байланысты.

Жаңа енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірбиесі.

Егер бұрынғы уақытта инновациялық қызмет негізінен жаңалықтарды практикада қолдаумен шектелсе, қазіргі уақытта ол барынша баламалы, зерттеушілік сипат ала бастады. Сондықтан да мектеп, білім беру органы басшыларының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі мұғалімдердің

енгізген инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасау болуы тиіс.

Инновациялық бағыттылық белгілі бір жаңа енгізілімнің тиімділігіне баға беретіндей нақты критерийлерді пайдалануды қажет етеді. Инновацияның негізгі критерийі ғылыми педагогикалық тәжірибеге де баға беруде басшылыққа алынатын жанашылдық деп білеміз. Сондықтан инновациялық процеске араласқысы келетін мұғалім қолға алған жаңалығының мәнін, оның жанашылдығының деңгейін анықтап алуы тиіс. Оқу процесіне инновацияны енгізіп, барынша аз дене, ой еңбегін және аз уақыт жұмсап жоғары нәтижеге қол жеткізу оның оптималдығын білдіреді.

Инновациялық бұқаралық тәжірибеде шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі педагогикалық инновацияны бағалаудың критерийі ретінде қарастырылады. Педагогикалық инновацияның мазмұны мен критерийлерін тап басып тану, оларды қолданудың әдіс-тәсілін меңгеру жеке мұғаліммен бірге оқу орнының жетекшісіне де оны енгізуді объективті бағалау мен болжамдауға мүмкіндік береді. Мектептерде жоғарының нұсқауымен енгізілген инновациялық жаңалықтар қысқа мерзімде ұмытылып кетеді немесе бұйрықпен тоқтатылады.

Жоғарғы оқу орындарының инновациялық іс әрекетіндегі қолданбалы тәжірибенің көптүрлілігі Қазақстандағы әлеуметтік – экономикалық ерекшеліктерді ескере отырып, жаңа бағыт – бағдарламаларды айқындауды, теориялық тұрғыдан ұғынуды жалпылауды және сараптауды талап етеді.

Сонымен қатар, әлеуметтік кеңістікті ақпараттандыру үрдісінің ашық білім беру жүйесінің мақсаттарын жүзеге асыру тетіктерін табуға мүмкіндік беретінін айта кеткен жөн. Соңғы жылдары «компьютерлік технологиялар» деген ұғым «ақпараттық технологиялар» терминін алмастырылып, бүкіл ақпараттық технологиялар компьютермен байланыстырылуда. Қазіргі күннің қажеттілігі қарқынды күшейте оқытудың ашық жүйелерін жасау және қолдану болып табылады.

Бұл жүйелер жоғарғы оқу орындарын студентке өзіне тиімді оқыту технологиясын тандап алуына және жеке даму бағдарламасын құруына мүмкіндік береді

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен мақұлданған “Қазақстан Республикасының 2004-”
2. 2015 жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдамасы”. Егемен Қазақстан. 2003 ж. 10 желтоқсан. 4-5 беттер.
3. «Қазақстан Республикасында көпшілікке үздіксіз экологиялық білім берудің ұлттық стратегиясы». Егемен Қазақстан. 2004 ж.

4. Қазақстан Республикасының білім беру туралы Заңы, 2007, 27 шілде
5. Гирусов Э.В., Широкова И.Ю. Экология и культура, Москва, 1989, 264 бет.
6. Сарыбеков М.Н. Теория и практика экологической подготовки будущих учителей. Алматы, 1998
7. Асқарова Ұ.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау ,Алматы, 2007жыл, 15-16 беттер
8. Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына /ҚР Елбасы Н.Назарбаевтың Л.Н. Гумилев атындағы 9.Еуразия Ұлттық университетінің құрылғанына 10 жыл толу мерекесіне осы оқу орны студенттеріне арнап оқыған лекциясы /Ақ жол, 30 мамыр, 2006 ж.
- 10 Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионова Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования.- Алматы, Научно-издательский центр “Ғылым”, 2001
- 11.Қ.М.Нағымжанова. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психологиялық-педагогикалық негіздері. Өскемен, 1999ж.
- 12.Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.М., Оразбекова Л.Н., Әлдібаева Т.Ә. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы, Алматы, 1999, 150 б.
- 13.Білім жүйесінде экологиялық білім мен тәрбие беру тұжырымдамасының жобасы.// “Қазақстан мектебі” журналы 2001 ж. N2. 12-22 бет.
14. Республика Казахстан. Окружающая среда и экология. III-том. Алматы: 2006.
- 15.Эколого-геохимический атлас городов и промышленных центров Казахстана. Казгидромет. Алматы: КАЗИМС, 1996
- 16.Экология Казахстана. Министерство окружающей среды РК. Алматы, 2003г
- 17.Фурсов В.И. «Экологические проблемы окружающей среды»// Алматы: изд. Санат, 1991г
18. Чигаркин А.В. «Геоэкология Казахстана» – Учебное пособие. – Алматы: Санат, 1995